



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3. Электронный источник: <https://studyenglishwords.com/movie/Начало>
4. Электронный источник: www.translatessubtitles.com
5. Куниловская М. А. Понятие и виды переводческих ошибок. // Журнал переводчиков «Мосты», №19. Тюмень, 2008. – С.25-32

ӘОЖ 81'25

ЭРГОНИМДЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ-ПРАГМАТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Рзабекова Айкөркем Серікқызы

serik_aika94@mail.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-нші курс магистранты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.М.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлемдік деңгейде басқа мемлекеттермен қарым-қатынас тез қарқынмен дамуда. Бұл еліміздің көркендеуі, алға жылжуы, дамуы, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін маңызды болып табылады. Дегенмен, жаһандану кең етек жайған кезде шет тілі сөздерін көп жерден кездестіріп жатамыз. Бірақ «Үш тұғырлы тіл» саясаты негізінде бұл жағдай дұрыс деп есептелуі мүмкін. Алайда қазіргі таңда көшедегі мекемелер, қауымдастықтар, ұйымдар, компаниялар, дүкендер, мейрамханалар атауларының көпшілігі ағылшын тілінде еш аудармасыз қойылған. Бұл лингвистикалық, әлеуметтік және мәдени жағынан да өзекті мәселе болып табылады. Аталмыш қала ішілік нысандар (мекеме, қауымдастық, ұйым, компания, дүкен, үйірме) атауларының ғылыми атауы *эргоним* деп аталады.

Ономастика ғылымының бір саласы эргонимия – басқа ғылымдарға қарағанда жете зерттелмеген жас ғылым. Эргонимия туралы зерттеулер тек XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында ғана басталды. Дегенмен, қазіргі таңда бұл сала алуан түрлі ғылым өкілдерінің, соның ішінде лингвистердің, географтардың, тарихшылардың, этнографтардың, психологтардың, әдебиеттанушылардың назарын өзіне аудартуда.

Н.В. Подольская «Словарь русской ономастической терминологии» атты ономастикалық терминдер сөздігінде эргонимге алғаш рет «іскерлік бірлестіктердің, атап айтқанда одақ, қауымдастық, мекеме, корпорация, кәсіпорын, үйірмелердің жалқы есімдері» деген анықтама берді [1, б. 151]. Терминнің өзі негізінен ежелгі грек *érgon* және *ónyma* сөздерінен шыққан, олар сәйкесінше *жұмыс* және *атау* дегенді білдіреді.

Тіл тек қарым-қатынас құралы емес, сонымен қатар ол – әр этникалық топтың, яғни халықтың тарихы, мәдениеті, танымы, әлемге деген көзқарасы және салт-дәстүрінен хабар беретін мықты құрал. Әр заттың өз атауы болады, ал атау белгілі бір мақсатпен қойылады. Яғни, әр атаудың өз прагматикасы болады. XVIII-XIX ғасырларда өмір сүрген атақты неміс филологы, философы, тілтанушысы, дербес пән ретінде тіл философиясының негізін қалаушысы Вильгельм фон Гумбольдттың айтуы бойынша «атау жайдан-жай қойылмауы керек, атауды қою – күрделі әрі маңызды үдеріс» [2, б. 103]. Яғни, бұл жерден атау қоюдың маңыздылығын көреміз. Қазақ халқы бұл туралы ерте кезден-ақ жақсы білген. Оны, әсіресе, жалқы есімдердің қойылуынан көруге болады. Мысалы, қыз балаларға қойылатын «Ботагөз» есімі жаңа туылған нәрестенің көздері ботадай, яғни үлкен, әдемі болғандықтан ырымдап қойылған. Келесі ер балаларға қойылатын «Сыйлыбай» есімі жаңа туылған сәбидің болашақта сыйлы әрі дәулетті азамат болсын деген үмітпен ырымдап қойылған.

Қала ішілік атаулары да белгілі бір мақсатпен қойылуы тиіс. Эргонимнің бірнеше қызметі бар: ақпараттық, жарнамалық және функционалды-прагматикалық. Яғни, эргонимнің аталмыш қызметтері сол мекеме туралы ақпарат, мекеменің көрсететін қызметі, саласы жайлы хабар береді. Мысалы, «Ханшайым» деген эргонимнің қандай нысанға тиесілі екендігін қиындықсыз білуге болады. Ол – сұлулық салонының атауы, яғни сіз бұл салонға

келіп, өзіңізге күтім жасау арқылы өзіңізді ханшайымдай сезіне аласыз. Келесі эргонимнің «Уют в доме» не мақсатпен қойылғаны да айқын, бұл – әр үйге керекті заттарды сататын дүкеннің атауы. Яғни, сіз бұл дүкеннен үйіңізге керекті ұсақ-түйек заттарды сатып алу арқылы үйіңізге жайлылық сыйлай аласыз. Алайда, қазіргі таңда кейбір мекеме, ұжымның, кәсіпорындардың көрнекі ақпарат, жарнама атауларының жазылуында көптеген көз сүріндірер кемшіліктерді де байқаймыз. Әсіресе, соңғы кезде ономастикалық кеңістікте қалыптасып келе жатқан жаңа онимдердің бойында күрделі мәселелері күн санап өсуде. Бұл тұрғыдан алғанда, эргонимдік атауларды зерттеп, жүйелеп, елдік, ұлттық талаптарға сай жүргізу мәселесі өзекті болып табылады.

Қазіргі кезде бұл мәселелер жүйелі шешімін тапқан жоқ. Қай қаламызды алсақ та, оның кез келген көшесіндегі атаулар мен жарнамалар өрескел қателерге толы. Өйткені оны жүйелеп, ретке келтіретін заңнама талаптары әлсіз болып отыр.

Мысалы, қазіргі таңда қала ішілік атауларының көпшілігі сол иелерінің есімдерімен қойылуы сәнге айналуда. «Маргарита», «Арыстан» дәмханалары, «Ирина». «Айсель», «Арина», сұлулық салондары, «Артем» сауда орталығы, «Бузя», «Лаура», «Дина», «Умка» азық-түлік дүкендері оған мысал бола алады. Бұл атаулар туралы еш ақпарат бермейді, сонымен қатар эргоним қандай мақсатпен қойылғаны да белгісіз.

Келесі өзекті мәселе – ресми белгіленген көше, даңғыл, аялдама атауларының әлі күнге дейін орыс тілінде пайдаланылуы. Мысалы, қоғамдық көлікке мінсек, «Жібек жолы» сауда орталығы» аялдмасын кондукторлардың өздері де, тұрғындардың өздері де «Встреча» деп атап кеткен, яғни орыстың бұл сөзі тілімізге кірігіп кеткендей. Келесі Қаныш Сәтпаев атындағы көшені тұрғындардың көпшілігі әлі күнге дейін «Мирзоян» көшесі деп атауда. Тіпті, көбінесе, көшелердің қазақ тілді атаулары да дұрыс айтылмай жатады. Мысалы, «Жұмабаева», «Сейфуллина», Абая», «Қонаева», т.б. деп қате айтуға бойымыз да, тіліміз де үйреніп кеткендей.

Қала ішілік атауларының шет тілінде еш аудармасыз берілуі келесі өзекті мәселе болып табылады. «Cocos bar», «The Terrace», «Paragon», «International Bar», «Adler», «Trattoria», «Golden Voice» секілді атауларды көріп, өзімізді шет елде жүргендей сезінетініміз рас. Мұндай атаулардың еш аудармасыз тек ағылшын тілінде қойылуымен қатар олардың қандай мақсатпен және нені білдіретіндігі де белгісіз.

Осы ретте Астана қаласындағы жарнамаларға тоқталуды жөн көрдік. Қазақстан Республикасының Елордасы ретінде Астана қаласының жарнамалар тіліне қажетті назар аударылуы тиіс. Күніне жүздеген, мыңдаған шетелдік қонақтар келетін Астанамызды барынша жақсы жағынан көрсету – әр тұрғынның парызы. Егер эргонимдердің шетел тілдерінде еш аудармасыз берілуіне ескертулер айтылмаса, заң жағынан қажетті қысым көрсетілмесе, Қазақстанның басқа шет елдерден айырмашылығы неде болмақ, ұлттық нақышы қайда қалмақ?! Басқа мемлекеттерде қазақ тілінде қойылған бір эргонимді көрмейміз, барлығы дерлік өз ана тілінде қойылған. Сондықтан біз басқа мемлекеттерге еліктемей, керісінше өзіміздің ұлттық нақышымызды көрсетуге тырысуымыз керек. Ал, бұл орайда оны көрсете алатын мықты құралдардың бірі – ол, әрине, тіл.

Ең алдымен, қала ішілік нысандар атауларының шет тілінде еш аудармасыз қойылуына Қазақстан азаматтарының көзімен қарап көру мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Сауалнама қазақ тілді, яғни күнделікті қарым-қатынас тілі ретінде қазақ тілін пайдаланатын азаматтар арасында; орыс тілді, яғни орта мектепті, мектептен кейінгі оқу орындарын орыс тілінде тәмамдап, күнделікті өмірде орыс тілін пайдаланатын тұрғындар арасында; және ағылшын тілді, яғни ағылшын тілін жетік білетін, ағылшын тілінің күнделікті өмірлеріне әсері бар адамдар арасында жүргізілді. Сауалнама қорытындысы көрсеткендей, эргонимдердің шет тілдерінде еш аудармасыз қойылуына үш тілді азаматтардың көзқарасы үш түрлі. Біріншіден, қазақ тілді тұрғындардың көпшілігі сауалнамаға қатысқан 40 адамның 36-сы, әсіресе, жастары 40 жастан асқан азаматтар қала ішілік атауларының шет тілдерінде еш аудармасыз берілуіне өз наразылықтарын білдірді. Олар өздерін Қазақстанда емес, басқа мемлекетте жүргендей сезінетіндіктерін айтты, және де көп жағдайда ағылшын тілін жетік

білмегендіктен, эргоним тиесілі нысанның көрсететін қызметінен бейхабар екендігін айтты. Олар қала ішілік атауларын шет тілінде еш аудармасыз ұсынатын мекеме иелеріне ұсыныс ретінде нысанның көрсететін қызметі туралы ақпарат беретіндей үстеме аударма беруін сұрайтындығын білдірді.

Келесі орыс тілді тұрғындар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша 40 адамның 18-сі эргонимдердің тек шетел тілінде берілуіне қарсылықтарын көрсетті. Қарсылық білдірген адамдардың көпшілігі – 40 жастан асқан Астана қаласының тұрғындары, олардың шетел тілінде еш аудармасыз берілген эргонимдер тиесілі нысандардың көрсететін қызметтері жайлы бейхабар екендігін және өздерін жайсыз сезінетіндігін жеткізді. Ал сауалнамаға қатысқан 40 адамның 17-сі қала ішілік нысандардың шетел тілінде берілуіне бейтарап көзқараста екендігін айтты. Сауалнамаға қатысқан қалған 5 адам шет тілдік эргонимдерді керісінше қолдайтындығын, олардың Қазақстан халқының ағылшын тілін меңгеруіне септігін тигізеді деген ойда екендігін жеткізді.

Ағылшын тілді азаматтар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижесі бойынша барлық адамдардың ойы бір жерден шықты. Олар еш күмәнсіз шет тілді эргонимдердің қала көркін кіргізетіндігін және олар өздерін қолайлы ортада жүргендей сезінетіндігін білдірді. Әрине, олардың неліктен осындай ойда екендігі белгілі, себебі олар ағылшын тілін жетік меңгерген, сондықтан оларға шет тілдік атауларды күнделікті кездестіру еш қолайсыздық, түсініспеушілік туғызбайды.

Республика көлемінде жарнамалар, көрнекі ақпараттар бойынша мемлекеттік тілдің қолданысына байланысты алдағы уақытта шешуін күтіп тұрған мақсат-міндеттер көп. Оның қоғамдағы қолданысы жағынан алсақ, әлі де зерделей түсетін қырлары жетеді.

Түйіндей келе, шет тілдік эргонимдерге үш тілді тұрғындардың көзқарасы үш түрлі. Дегенмен, наразылықтарын білдірушілер саны жоғары, наразылық білдірушілердің айтуы бойынша, қала ішілік атауларының еш аудармасыз шетел тілінде берілуі мемлекеттік тілімізге немқұрайлықпен қарау дегенді білдіреді. Нәтижесінде эргонимдерді аудару мәселесі әлі де зерттеуді талап ететін тың тақырыптардың бірі екендігі айқындалды, себебі алдыңғы қатарлы дамушы мемлекет ретінде біздің аудармашылардың сауатты да, сапалы болуы маңызды рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1988. – 192 с.
2. Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Издательская группа «Прогресс» 2000. – 400 с.

ӘОЖ 81'271.1

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ СИНТАКСИСТІК ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Сабырбекова Маржан Серикқызы

s.marjan.s@mail.ru

6M020700 – «Аударма ісі» мамандығының 2-нші курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі –Қызырова Ә.М.

Тіл білімінде терминология саласының өте маңызды рөлге ие екендігі сөзсіз. Қоршаған ортаның, жалпы кез келген ғылым саласының дамуына орай дүниежүзі тілдерінің де сөздік қоры, оның ішінде, термин сөздері дами бермек. Қазақ тіл білімінде терминология саласы жүйелі түрде зерттелді деуге болады. Ұлттық терминологияның ғылыми мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы,